Шымкент қаласының білім басқармасының
**№117 «Алтынтобе» жалпы**
**орта білім беретін мектебі»**
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
**«Общеобразовательная средняя**
**школа №117 Алтынтобе»**
управление образования города
Шымкент

160600 Шымкент қаласы, 293 кв, 53 ғимарат
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

160600 город Шымкент, 293 кв здания 53
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

**Бұйрық №** 95
2023 жыл 05 қыркүйек
Шымкент қаласы

**Приказ №** 95
2023 год 05 сентябрь
город Шымкент

**Мектепте қыздар кеңесін**
**құру туралы**

Бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырған қыз бала тәрбиесіне қатаң көңіл бөліп жұмыс жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте құрылған қыздар кеңесінің жұмыс жоспарын қайта қарап, тәрбиелік мәні бар тақырыптармен толықтырылсын.

2. Қыздарды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, ар тазалығын жоғары ұстау мақсатында ардагер ұстаздармен, «Алтын», «Күміс» алқа иегерлері, көп балалы аналармен, дәрігерлермен, елге үлгілі, құрметті азаматтармен бірлескен кездесулер, дөңгелек үстелдер, пікір алмасулар өткізу ұйымдастырылсын.

3. Ата-аналар арасында «Қыз ұлттың ұяты» т.б.тақырыптарда пікір алмасулар, әңгімелер өткізілсін.

4. Сыныптар арасында «Қазақтың қызы – нәзіктік пен сұлулықтың белгісі» т.б.тақырыбында сынып сағаттарын өткізу сынып жетекшілеріне жүктелсін.

5. Қыздар ұйымының жұмысына жетекшілік жасау Ж.Укибаеваға міндеттелсін.

6. Қыздар ұйымының жұмысын өз дәрежесінде үйлестіру педагог ұйымдастырушы Ж.Укибаеваға міндеттелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тіленге жүктелсін.

Мектеп директоры А.А.Қамбарова

Орындаған: А. Тілен
тел: 28 – 08 - 60

Бекітемін
Мектеп директоры: А. Қамбарова

**№117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жұмыс жоспары**

| № | Жұмыстың мазмұны | Орындалу мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектептің «Қыз Жібек» қыздар арасындағы жұмыстың іс-шаралар жоспарын жасап, бекіту | 06.09.2023ж | Ж.Үкибаева ҚҰЖ |
| 2 | «Қыздар»ұйымының белсенділерін сайлау | Қыркүйек | Ж.Үкибаева ҚҰЖ |
| 3 | «Қыздар»ұйымы жұмысының мақсатымен таныстыру | Қыркүйек | ҚҰЖ |
| 4 | «Қыздар»ұйымының отырысын жасау | Айына бір рет | ҚҰЖ |
| 5 | «Қызға қырық үйден тиым» дәріс оқу | Қазан | ҚҰЖ |
| 6 | «Қыз ұлттың ұяты» пікіралмасулар | Қараша | ҚҰЖ |
| 7 | «Ұл мен қыз ұлт намысы» кешенді іс –шаралар өткізу | Жыл бойы | ҚҰЖ |
| 8 | Тұрмысы төмен,әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан қыз балаларға әлеуметтік көмек көрсету | Кезінде | Әлеуметтік педагог |
| 9 | Қыз балалар арасында психологиялық көмекке мұқтаж оқушылармен жұмыс | Кезінде | Педагог-психолог Асельбаева М |
| 10 | «Әдептілік» тақырыбында әңгіме | Желтоқсан | ҚҰЖ |
| 11 | «Қыз өссе елдің көркі!» баяндама | Қаңтар | ҚҰЖ |
| 12 | Оқу үлгерімі төмен қыз балалармен жұмыс жүргізу | Үнемі | ҚҰЖ |
| 13 | Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қыз балаларды үйірмелерге тарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық жасрыстар( волейбол, баскетбол,т.б)ұйымдастыру | Қазан Ақпан | ҚҰЖ Үйірме жетекшілері |
| 14 | «Қыз сыны» байқау ұйымдастыру | Наурыз | ҚҰЖ |
| 15 | «Қазақтың қызы нәзіктік пен сұлулықтың белгісі» сынып сағаттары | Сәуір | Ж.Үкибаева ҚҰЖ |
| 16 | «Қызға қырық үйден тыю» дөңгелек үстел | Мамыр | ҚҰЖ |

Орындаған. Ж.Үкибаева
тел: 28 -08 - 60

2023 жылы 07 қыркүйек күні №117 «Алтынтөбе» жалпы орта мектебінде қыздар мен ұстаздардың бас қосылуымен өткен «Қыз Жібек» қыздар ұйымының кезекті жиналысының

ХАТТАМАСЫ №1

Қаралатын мәселелер:

1. «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жетекшілерін сайлау. Мектептің ішкі талап тәрбиесімен таныстыру
2. Қыздардың тазалығы мен мектеп формасы жөнінде әңгіме өткізу
3. Алдағы жоспарлармен таныстыру

Бірінші мәселе бойынша «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жетекшісі Укибаева Ж. Сөз алды . Биылғы 2023-2024 оқу жылында қыздар ұйымының жетекшілері болып төмендегі қыздар сайланды
11 сынып Чимкетбай Аяулым
10 сынып Қазбекова Әсел
9 «А» сынып Сыдықбекова Балауса
9 «Ә» сынып Нұртай Бағнұр
8 «А» сынып Айдар Сая
8 «Ә» сынып Бақтиярқызы Інжу
7 «А» сынып Алиакбар Раййан
7 «Ә» сынып Анарбек Зейнеп
6 «Ә» сынып Ниязәлі Қарлығаш
6 «А» сынып Сыдықбекова Дария
5 «Ә» сынып Тұрмаханбет Бибнұр
Мектептің ішкі талап тәртібімен таныстырылып өтілді. Мектептің ішкі тәртібіне сай жұмыс атқару жайында айтылып өтілді.
Екінші мәселе бойынша мектеп мед бикесі Айкерім . Сөз алды. Қыздар ең алдымен тазалық сақтаңыздар. Көптеген аурулар осы тазалықтың сақталмауынан болады. Әр сыныптың тазалықтарын, жеке бас гигиенасын қатаң сақтаңдар.
Мектеп психологы Асельбаева М. пен мектеп социологы Алшинбаева Ж. , көркем еңбек пән мұғалімі Усипбаева Л. Сөз алды.Мектепте жүргенде мектеп тәртібіне сай мектеп формаларын киіп, ұқыпты,таза, әдемі, сыпайы, әдепті жүргендерің барлық оқушыларға үлгі. Көшеде жүру, үлкендермен амандасу жөнінде өз ойларын айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша қыздар ұйымының жетекшісі Укибаева Ж сөз алды. Ол «Қыз Жібек» қыздар ұйымының бір жылдық жоспарларымен таныстырды. Алдағы уақытта барлық іс –шараны осы қыздармен жүргізілетіні және келесі

кезекті отырыста да түрлі кеңестер,пікірталатар жүргізілетіні туралы айтты. Әңгіме барысында бірнеше қыздармыз өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойды.

Қаулы етілді

1.Әр сынып қыздар ұйымының жетекшілері үнемі қыздар ұйымымен қарым-қатынаста болу

2. Әр сыныптағы қыз балаларының тазалығын, тәртібін қадағалау сынып жетекшілеріне, тәлімгерге, қыздар ұйымының жетекшісіне міндеттелсін.

Жиналыс жетекшісі: Укибаева Ж
Хатшысы Сахбай Г.

2023 жылы қыркүйек айында №117 «Алтынтөбе» жалпы орта мектебінде қыздар мен ұстаздардың бас қосылуымен өткен «Қыз Жібек» қыздар ұйымының кезекті жиналысының

ХАТТАМАСЫ №2

Қаралатын мәселелер:

4. 5-сынып қыздарымен әңгіме өткізу
5. Қыздарға тән қасиеттер туралы әңгіме
6. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша мектептің педагог психологы Асельбаева М. сөз алды. 5- сынып оқушылары бастауыш сыныптан жоғары сыныпқа өткенде бейімделуден өтеді. Яғни олардың бойында психофизиологиялық өзгерістер басталады . Сынып жетекшісі де , пән мұғалімдері де өзгереді. Көптеген пәндер қосылады. Мұның бәрі оқушылардың жүйкесіне салмақ түсіреді. Қыздар бой түзеп ,өздерінің болашақ жар , ана екендігін сезіне бастайды. Оларға артылатын жауапкершіліктер көбейеді. Жарыс сөзге шыққан әлеуметтік педагог 5 сынып оқушыларының сабақ үлгерімі жақсы екендігін, бірақ оқушы қыздар жоғарғы сынып қыздарымен жақсы қарым-қатынаста болуларын айтып өтті

2-мәселе бойынша сөз алған мектеп қыздар ұйымының жетекшісі Укибаева Ж. Жалпы қыздарға тән қасиеттер туралы айтып өтті. Кезекті сөз алған пән мұғалімдер Шотаноова Г, Суюнханова А, жоғарғы сыныптың оқушылары Қазбекова Ә, Түгелбай А, Әбдіманап М қыздарға тән қасиеттер жайлы өз ойларын ортаға салды.
Ағымдағы мәселелер бойынша әр сынып жеткшілері сөз алып, сыныптардағы қыздар мәселесі жайлы пікірлерін ортаға салды.

Қаулы етті

3. 5 сынып жетекшісі Усипбаева Л. қыздармен тығыз байланыста жұмыс жүргізілсін
4. Қыз балаларының мектеп формасын киіп, сабақтан кешікпеу, қалмауды қадағалау әр сынып жетекшісіне жүктелсін

Жиналыс жетекшісі Укибаева Ж.
Хатшысы Сахбай Г.

2023 жылы  қазан  айында  №117 «Алтынтөбе» жалпы орта мектебінде қыздар мен ұстаздардың бас қосылуымен өткен  «Қыз Жібек» қыздар ұйымының кезекті жиналысының

ХАТТАМАСЫ №3

Қаралатын мәселелер:

4. Әр сыныптағы қыздар ұйымының есбін тыңдау .  «Қызға қырық үйден тиым» дәріс оқу
5. Қыздар тазалығы мен тәртібі, үлгерімі, мектеп формасы жөнінде әңгіме өткізу. Ерте жүктіліктің алдын алу.
6. Түрлі аурулар туралы түсінік беру сақтану жолдары

Бірінші мәселе бойынша «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жеткшісі Укибаева Ж. Сөз алды Әрбір сыныпта қыздар ұйымының жетекшілері өзінің сынып қыздарының тазалығы, тәртібі, үлгерімі туралы есептері тындалды. «Қызға қырық үйден тиым» дәріс оқылды.

Екінші мәселе бойынша  Ерте жүктіліктің алдын алу жайында мектеп психологы Асельбаева М. сөз алды. Қазіргі заманда арын саудаға салатын қыздардың  ішінде өзіміздің қазақ қыздары да толып жатыр. Некесіз ,тастанды балалардың көбісі осындай жеңіл жүрісті қыздарадан туылады. Медицина қыз баланың жүкті болуға ыңғайлы кезеңі 20-25 жас. Әрбір қыз бала арын сақтау кажет.Қыздар дұрыс жолды таңдауы ол өз өмірінің  болашағының жарқын болуына себепші. Бастауыш сынып жетекшісі Айдаршаева А, 10 сынып жетекшісі Мамасерипова А және 11 сынып жетекшісі Сманова К  өз сөздерінде қыздардың болашақ ана екендігін, ата-бабаларымыздыз «қызға кырық үйден тыю, қала берсе қара күңнен тыю» деген мақалада қаншама ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отырған.

Үшінші мәселе бойынша мектеп бике Айгерім. сөз алды. Жұқпалы аурулар, олардан сактауну жолдары туралы әңгіме қозғалды. Кез келген жұқпалы аурудан сақтанудың жолы тазалық, яғни ,жеке бас гигиенасы екенін баса айтты. Әңгіме барысында бірнеше қыздарымыз өздерін толғандырған сұрақтарын қойды.Мед бике қойылған сұрақтарға жауап  берді.

Қаулы етті

3. Әрбір сынып қыздарының тазалығы, тәртібін қадағалау сынып жетекшілеріне, тәлімгерге, қыздар ұйымының жетекшілеріне міндеттелсін.
4. «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында әр сыныпқа шығарма жазу тапсырылсын. Жауапкершілік А. Айгерімге. жүктелсін.

Жиналыс жетекшісі:	Укибаева Ж.
Жиналыс хатшысы:	Сахбай Г.






2023 жылы қараша айында №117 «Алтынтөбе» жалпы орта мектебінде қыздар мен ұстаздардың бас қосылуымен өткен «Қыз Жібек» қыздар ұйымының кезекті жиналысының

# ХАТТАМАСЫ №4

Қаралатын мәселелер:

4. «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жиналысын өткізу
   «Қыз ұлттың ұяты» пікіралмасу
5. Қыздар тазалығы мен тәртібі, үлгерімі, мектеп формасы . І – тоқсан қорытындысы
6. Ағымдағы мәселелер

Бірінші мәселе бойынша «Қыз Жібек» қыздар ұйымының төрайымы Укибаева Ж сөз алды. Қыздар арасында оқу жылы басталғалы ешқандай тәртіп бұзушылық болмағанын мұғалімдерден ешқандай сабақтан кешігу мектеп формасы жөнінде еш ескерту болмағанын айтты. «Қыз ұлттың ұяты» тақырыбында пікіралмасу .
Қыз баланы ерекше құрметпен келешек ана деп түсінген. Қыздар осы жәйтті терең түйіп еңбектің бейнетімен зейнетін басынан өткізген халқымыз қыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, ягни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзөзіне сенімділікке тәрбиелеген.Пікіралмасуда сөз алған мұғалімдер Сансызбаева Г, Усипбаева Л, Едігеева А.
Екінші мәселе бойынша әр сынып І-тоқсан қорытындыларын сыныптың қыздар ұйымының жетекшілері айтып өтті. Қыздар тазалығы жайында мед бике Айгерім сөз алды. Жас қыздарға арналған кейбір дәстүрлі кеңестерді ұсынды. Кез келген қыз бала денсаулығы мықты болу үшін салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды іс-әрекеттерден аулақ болуы қажет. Жинақы жүріп, күн сайын дәрет алуды, іш киімдерін алматырып киюді қыз бала жасынан әдетке айналдыру қажет.

Үшінші мәселе бойынша әр сыныптардың жетекшілері сөз алып, сыныптағы қыздар мәселесі жайлы пікірлерін ортаға салды. Қазіргі уақытта интернет, в контакте, ватцап,тик-топ дегендерге қыздар көп көңіл бөледі.Бұл жағдайда қыздардың санасы уланады, уақыты текке өтеді, көз жанарына зиян келеді, желі арқылы танысу өте қауіпті екендігі айтып өтілді. Алдағы уақытта телефонды тек керекті материалдарға ғана қолдану керектігі айтылып өтілді. Мектепке ұялы телефонды қолданбау жайында ескертілді. Үйде ата-аналар қадағалауында болғандары және ата-аналарды хабардар етуін сынып жетекшілерге тапсырылды.

Қаулы етілді

4. «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жиналысын жоспарға сай ай сайын өткізіп отырылсын.
5. Сынып жетекшілер қыздардың оқу үлгерімін және жеке бас гигиенасын қадағалап пән мұғалімдермен тығыз байланыста болып отырылсын.
6. Мектепте ұялы телефонды ұстамау жайында қатаң ескертілді.

Жиналыс жетекшісі Укибаева Ж.
Жиналыс хатшысы Сахбай Г.

2024 жылы қаңтар айында №117 «Алтынтөбе» жалпы орта мектебінде қыздар мен ұстаздардың бас қосылуымен өткен «Қыз Жібек» қыздар ұйымының кезекті жиналысының

## Хаттама №5

Күн тәртібіндегі мәселе:

1.Жылдық жоспарға сәйкес «Қыз өссе елдің көркі» баяндама
2.Қыз бала тазалығы:
3.«Қыздарға кеңес» видеоролик көрсету
4. «қыз бала бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңес оқылды.

Мақсаты: Қыз балалар адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту

- Жарыса сөйлемеуге
- Жалғыз қыдырмауға
- Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлемеуге
- Орынсыз ұрынып қалмауға
- Басқаларға қол тигізбеуге
- Өтірік- өсек айтпауға
- Суық жүріс, сумаң қылық жасамсауға
- Кісіге карап келіле есінемеуге
- Талтайып отырмауға
- Шалқайып жатпауға
- Тамақсыз обырлана асамауға
- Ұрлық- қарлық жасамауға
- Ұятты мүшелерін ашып жүрмеуге
- Бұраңдап қылымсымауға
- Қызыл іңірде жатпауға
- Түске дейін ұйықтамауға
- Кісі алдында киім ауыстармауға
- Салт*-дәстүрден аттамауға
- Елді ғайбаттамауға
- Үлкендердің жолын кеспей және аттарын атамауға
- Ішімдік пен шегімдікке жоламауға
- Ұрыс-керіске жақын болмауға
- Беттен алып бет жыртыспауға
- Қараулыққа, ысырып жасамауға
- Рақымсыздық пен қатыгездік жасамауға
- Түнде суға жалғыз бармауға
- Жат жыныстылармен бірге жатпауға
- Күйеуге қашып тимеуге
- Әдепсіз сөйлемеуге

- Тарс-түрс қимылдамауға
- Адам мен жан-жануарларды теппеуге
- Кісіні қорлап сөйлемеуге
- Тәкаппарлық пен сайқымазақ жасамауға
- Айғай сүреңге жақын болмауға
- Шектен тыс сыланып боянбауға
- Қызғаншақтық пен күншілдік жасамауға
- Менеменділік пен өзімшілдік жасамауға
- Алдап- арбамауға
- Көрсеқызарлық жасамауға
- Нәпсі құмарлық жасамауға

К Е Ң Е С Б Е Р Е М І Н\

Екінші мәселе бойынша мектеп мейірбикесі Айгерім қыз бала бойындағы тазалықтың қандай болуы, оны қалай ұстану жайлы айтты. Қыз баланың ерте жүктіліктен қалай сақ болуы керек және аулақ болуы жайлы баяндамалар оқыды. Жақсы мінез жақсы ой адамдытек жақсылыққа жетелейтіні айтылды.

Үшінші мәселе бойынша қыз балаларға арналған видеоролик көрсетіліп қыз балаларымызға деген кеңес өз ой саналарына түйді деген ойдамын. Үлкенді сыйлау, құрметтеу кішіге ізет көрсету. Инабатты ибалы болып жүру қыз баланың басты бойрышы екені айтылған болатын.

төртінші мәселе бойынша қыз баланы тәлім-тәрбиесі жайлы айтылды. Мектептекн ешқандай да бір қыздар жайлы ерсі қылықтар болмады. Қыздарымыз тәртіпті- тәрбиелі.

Мектептің ата-аналар комитеті Есіркеп Т да өз ойларын қосты.
Жиналыска келіп қатысқан әр сынып ата-аналар комитетінен бір аналардан қатысып өз ойларын ортаға қосты. Олар
Әр сыныптан қыздар өз ойларымен бөлісіп мектептен қыздар арасында ешқандай тәртіпсіздік болмағанын айтты. Қыздарымыз тәртіпті де тәрбиелі екендігі айтылды.

Қаулы етілді

1. «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жиналысын жоспарға сай ай сайын өткізіп отырылсын.
2. Сынып жетекшілер қыздардың оқу үлгерімін және жеке бас гигиенасын қадағалап пән мұғалімдермен тығыз байланыста болып отырылсын.

Жиналыс жетекшісі Укибаева Ж.
Жиналыс хатшысы Сахбай Г.

2024 жылы ақпан айында №117 «Алтынтөбе» жалпы орта мектебінде қыздар мен ұстаздардың бас қосылуымен өткен «Қыз Жібек» қыздар ұйымының кезекті жиналысының

ХАТТАМАСЫ №6

Күн тәртібі
1.Ағымдағы мәселелер
2.Тазалық денсаулық кепілі. Мектеп медбикесі

Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы Укибаева Ж сөз алды.
Мактептің ішкі ережесіне бағынуды және формаға және тазалыққа мән беруді айтып өтті.
Тыңдалды.
Күн тәртібіндегі екінші мәселе мектеп медбикесі Айгерім «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында баяндама оқыды. Медбике өз сөзінде адамның денсаулығы-қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарыын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі.Халқымыздың «Дені саудың - жаны сау» деп орынды айтқан.Отанымыздың келешегі, көркеюі-
салауатты өмір салтын сақтап қолдану.
Қараңғы үйге кіріп келіп шам жақсаңыз, шам үйді жарық қылады.
Көп қызыл гулдің ішінде бір ақ гул көрсең, көзің соған түседі.
Біздінде өмірімізде жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық- денсаулық.Денсаулық-
бұл адамның еңбекке белсенді болу, әрі ұзақ өмір сүруі,тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну.
Жеке бас тазалығының ережелері:
Күнделікті бір уақытта тұр,бөлменді желдетіп ал да, шынықтыру жаттығуын жаса.
Ертең ерте тісінді тазалап, беті қолыңды, мойның
мен құлағынды жу.Ұйықтар алдында жуынып, бөлмені желдетіп алуды ұмытпа.
«Денсаулық-баға жетпес байлық» -бұл жалғыз асыл дүние.
Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш жігерді, не еңбекті,
тіптен барлық дүнені аямай жұмсау керек. Денсаулық үшін өмірдің
бір бөлімінде қиюға болады.
«Денсаулық –зор байлық» дейді қазақ. Халықтың денсаулығын сақтау аурулардың алдын алу мен оларды емдеу бағыттарын
Қаздарға түсіндіріп өтті. Халқымыз «Дені саудың жаны сау» деп
өз сөзін аяқтады.

ҚАУЛЫ:

1. Қыздарға аптасына жеке басының гигиенасын бір рет тексерілсін.
2. Мектеп ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтасын.
3. Оқушы қыздардың жетекшілер тарапынан қыздар гигиенасы туралы түсінліру жұмыстарын жандандырылсын.
4. Қыздарға жақсы мен жаман мінездерді ажырата білуді меңгертуді қолға алынсын.

Жиналыс жетекшісі Укибаева Ж.
Жиналыс хатшысы Сахбай Г.


















# Мектепшілік қыздар жиналысын өткізілуі

Бірінші мәселе бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру жүргізілді. Жылдағы атқарылған жұмыстар талқыланды.

Екінші мәселе бойынша әр сынып қыздар өз таңдауларын сынып жетекшілерімен ақылдаса келе қыздар секторлары сайланды.

Үшінші мәселе бойынша «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқылды. Оқушылардың шығармашылық ойын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, аналарға деген сүйіспеншілігімен құштарлығын одан әрі дамыту. Дәл осы тақырып негізінде қыздардан сауал алынды. Қыздарымыз өз ойларын ашық жеткізе отырып жауап берді. Қыздарымыз ортаға шығып қыз баланың бойында қалыптасатын ең ерекше жақсы мінез туралы өз ойларын ортаға сала келе өздерінің тәртіпті де тәрбиелі екендігін айтып өтті. Қыздарды сырттай зерттеу, бақылау және түнгі рейдтер жүргізілуі жайында хабарланып айтылды. Мектеп психологы Меруерт Аселбаева апаймыз мектептегі қыздардың тәртібі мен киімдері жайлы айтып өтті. Түнгі уақытта қыз баланың көшеде себепсіз жүруі тексерілетіні туралы хабарлады. Қыз бала бойындағы тәртіп, тәрбиені биік ұстаулары ескертілді. Қыздарға айтарым күз мезгілінде жылы киініп керек.

Төртінші мәселе бойынша С.Өміртай «Шаш күтімі» туралы айтып өтті. Шаш күтімі жиі жасап отыруы, таза ұстауы айтылды. Битшеңдіктен құтылу жолдары айтылды. Мектепке шашымыз жинақы және саналы түрде ақ бантикпен келуі ескертілді.




